

## Хромтау қаласы мен ауданның елді мекендерінде жануарлар ұстау Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 26 қазандағы № 151 шешімі. Ақтөбе облысы Хромтау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 қарашада № 3-12-104 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 7 тамыздағы № 44 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2012.08.07 № 44 Шешімімен.**

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 310 бабына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10 бабының 2 тармағының 1 тармақшасына және 25 бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 8 тармақшасын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Хромтау қаласы мен ауданның елді мекендерінде жануарлар ұстау Ережесі бекітілсін. (Қоса беріледі).

2. «Хромтау қаласында үй жануарларын ұстау Ережесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-26 номермен тіркелген, аудандық «Хромтау» газетінің 2006 жылғы 26 мамырдағы № 21 санында жарияланған) аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 28 сәуірдегі № 135 шешімі, «Хромтау ауданының селолық округтерінде үй жануарларын ұстау Ережесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-12-35 номерімен тіркелген, аудандық «Хромтау» газетінің 2007 жылғы 29 қаңтардағы № 3 санында жарияланған) 2006 жылғы 22 желтоқсандағы № 179 шешімі, «Хромтау ауданының елді мекендерінде ауылшаруашылығы жануарларын ұстау Ережесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-77 номерімен тіркелген, аудандық «Хромтау» газетінің 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 4-5 сандарында жарияланған) 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 87 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Хромтау қаласы мен селолық округтер әкімдері осы шешімнен туындайтын барлық қажет шараларды қабылдасын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

бекітілген.

## **Хромтау қаласы мен ауданның елді мекендерінде жануарлар ұстау ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Хромтау қаласы және ауданның елді мекендерін аумағында жануарларын ұстауды белгілеу мақсатында әзірленіп, жеке және заңды тұлғалардың осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершіліктерін белгілейді.

2. Ереже меншік түріне қарамастан жануарлар ұстайтын барлық жеке және заңды тұлғаларға тарайды.

### **2. Жануарларды ұстау**

3. Жануарлар аулада көршілерге кедергі келтірмейтіндей арнайы бөлінген және жабдықталған жайларда ұсталуы тиіс.

4. Жануарлар иелері оларды ұстаудың зоотехникалық және ветеринарлық-санитарлық талаптарын сақтауы, қоршаған ортаны ластамауы тиіс.

5. Мал тұратын жайлар тоқсан сайын әктеліп, жылына кем дегенде бір рет залалсыздандырылады. Қилар, жем-шөп қалдықтары, қоқыстар уақытында арнайы бөлінген орындарға төгіліп тұрады.

6. Малдарды көшелерде, алаңдарда, скверлерде, парктерде және басқа жалпы пайдалану орындарына жайылымға шығаруға жол берілмейді.

7. Санитарлық зонада жануарларды ұстауға болмайды.

8. Жануарлар іс жүзіндегі нормативтерге сәйкес арнайы жабықталған жабық жайда, жеке тұрғын үйлерден, мектептер, емдеу және балалар мекемелері, парктер, зоопарктер, стадиондар, қоғамдық тамақтандыру, сауда, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарынан, көппәтерлі үйлер, демалатын көпшілік орындар, балаларды сауықтыру лагерлері, демалыс үйлері, жасанды су қоймалар, артизандық құдықтар, өзендер жағасының аумақтарынан қашық орналасып ұсталуы қажет.

9. Жануарларды белгіленген мал дәрігерлік-санитарлық ережелерді сақтаған жағдайда бір отбасынан артық тұратын бірқатарлы үйлерде ұстауға сол үйде тұратын көршілес отбасылардың келісімімен ғана рұқсат етіледі.

10. Экзотикалық жануарларды ұстау тек уәкілетті органдардың рұқсатымен ғана мүмкін.

11. Мектептердің, Оқушылар үйлерінің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің зоологиялық бұрыштарында жануарларды ұстау тек Қазақстан

Республикасының Ауылшаруашылығы Министрлігінің аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік малдәрігерлік инспекторларының рұқсатымен  
б о л а д ы .

12. Қазақстан Республикасының малдәрігерлік заңнамаларын сақтаған жағдайда көліктің барлық түрімен жануарларды әкелуге және тасымалдауға  
р ұ қ с а т е т і л е д і .

13. Жануарлар иелері тиісті:

1) жануарларды биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ұстауға, оларға мейірімділікпен қарауға, қараусыз қалдырмауға, ауыра қалған жағдайда уақытында ветеринарлық көмекке жүгінуге;

2) аумақты, мал шаруашылығы қора- жайларын, сондай-ақ жем-шөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған ғимараттарды ветеринарлық-санитарлық ережелер мен нормативтерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге;

3) мемлекеттік ветеринарлық қадағалау бақылайтын жүктерді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринарлық қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау кезінде зоогигиеналық және ветеринарлық ( ветеринарлық-санитарлық) талаптарды сақтауға;

4) ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруді және оларға ветеринариялық паспорттарды ресімдеуді қамтамасыз етуге;

5) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануарлар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы х а б а р л а у ғ а ;

6) бірнеше жануар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринариялық мамандарға хабарлауға және ветеринариялық мамандар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;

7) ветеринариялық инспекторларға мемлекеттік ветеринарлық қадағалау бақылайтын жүктерді ветеринарлық тексеру үшін кедергісіз беруге;

8) ветеринарлық инспекторлардың жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін мемлекеттік ветеринарлық қадағалау бақылайтын жүктерді залалсыздандыру (зарарсыздандыру), өңдеу жөніндегі талаптарын орындауға;

9) союдың алдында ветеринарлық тексеру жүргізбей жануарларды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринарлық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуге;

10) ветеринарлық мамандарға өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына ж ә р д е м к ө р с е т у г е ;

11) ветеринарлық мекемелердің мамандарына негізделген талабы бойынша жануарларды қарауға, диагностикалық зерттеуге, емдеу-алдын алу шараларын жүргізу үшін егуге, вакцинация жасауға кедергісіз әкеліп көрсетуге.

14. Жануарларды қоғамдық шомылатын орындарда, тоғандарда, субұрқақтарда, су қоймасына және су жинау алаңына шомылдыруға және жуындыруға рұқсат етілмейді.

### **3. Қорытынды ережелер**

15. Осы Ережені бұзған кінәлі жеке және заңды тұлғалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 30.01.2001ж. Кодексінің 310 бабына сәйкес жауапты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК